

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Махмет Алтайгүл

altaygul2016@gmail.com

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент - Қамарова Н.С.

Ұлттың тұтастығын сақтайтын рухани құндылықтардың ең бастысы тіл мәселесі қай заманда да өзекті, өткір болып келеді. Ұлттың ұлт ретінде өмір сүруінің бір шарты – тіл болса, тіл жойылған күні ұлттың да өшкені, өлгені болмақ. Тіл үшін күрес тарих торабында мәңгі жасауды мақсат еткен ұлтта, мемлекетте тоқтамақ емес. Бүгінгі цифрлық әлемнің үстемдік алып, жаһанданудың шырмауық жібі шырмап құрсауына ала түскен заманда өзіндік ерекшелігін, ұлттық құндылығын жоймай сақтап қалғысы келетін кез-келген ұлт туған тілінен, тарих, дәстүрінен рухани күш алары анық. Орыстың үстемдігінен жауыр болып, біз сияқты, бодандық қамытынан әрең құтылған ұлт үшін жаһандануға жұтылып кетпей аман қалудың бір шарты – ана тілімізді тұғырына қондыру, өткенімізді жаңғырытып, бүгінгінің трендіне айналдыру болмақ.

XX ғасырда төнген қауіптің бұлты әлі сейілген жоқ. Ұлттық рухтан, дін мен діл, тілден айырылған қазақ байырғы қалпына әлі келе алмады. Ахметтің дәуірінде орыс үстемдігін жүргізіп, орыс қауіп төндірсе, бүгінде жаһанданудың жандайшабы алқымнан ала түсуде. Рухани құндылығын бойына сіңірген ұлт қана өзіндік ерекшелігімен, өзгешелігімен өзгені өзіне баурауда. Білімі мен ұлттық руханияты қатар дамығандар ғана жаһандануға төтеп беруде. Төніп келе жатқан бұл кеселден қалай құтыламыз, қалай аман қаламыз, жұтылып, жойлып кетпей өзімізге қажеттісін алып, заман ағымына қарай ұлттық құндылығымызда сақтай отырып қалай түрленеміз, түлейміз. Айналып келгенде бұл дерттің дауасы – ұлттық руханият, ұлттық құндылықта. Ұлттық құндылықтың тамыры – қазақ тілінде.

Тіл мәселесіне келгенде Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен ой-тұжырымдарынан айналып өту мүмкін емес. Өйткені Ахмет Байтұрсынұлы – ала құйын кезеңнің өзінде алты миллион қазаққа ұлттық жазу жасап берген жаңашыл реформатор, қазақ балаларының өз тілдерінде оқуына барын салған қоғам қайраткері, ұлттық мектептерде балалардың ана тілінде сауатын аштыратын «Әліпбилердің», әрі қарай оқытатын көптеген оқулықтардың авторы, ұлттық ғылым саласы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы лингвист-ғалым, қазақ әдебиеттану теориясын алғаш рет ұсынушы филолог - ғалым, халқының мәдениетін, тарихын, дәстүрін зерттеуші тұңғыш мәдениеттанушы – ғалым, ана тілін оқыту әдістемесін алғаш рет ұсынушы жаңашыл - педагог, осы күнгі ұлттық академиямыздың іргетасын қалап, Қазақстан ғылымын ұйымдастырып дамытушылардың бірі, бірегейі. Сондай-ақ ол – қазақ сөзінің құдіретін танытқан сөз зергері – ақын, кезінде «көсемсөз» деп аталған жаңа жанрдың көшбастаушысы, ірі публицист, қазақтың ән-күйін жақсы білген сан қырлы сан салалалы өнер иесі. Ағартушының еңбегін сараласақ таң атып, кеш бататыны хақ. Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы ой-тұжырымдарына, қазақтың қазақтығын сақтап қалу жолындағы айтқан дана сөздеріне тоқталсақ.

Ахметтің «Айқап» журналына жариялаған мақаласында «төңірекке қарасақ түнерген-түнерген бұлттар көрінеді» [1: 31], - деп жазып, қауіп-қатердің төніп келе жатқанын айтып: «Қалыпты шаруамыз өзгеріліп, қалпымыз да өзгерілейін деп тұр. Қалпымыз өзгеленсе, қалай болатынымыз белгісіз, іргеміз тұтас, ыдырамай, бірыңғай жатқан халық едік. Енді арамызға бөтендер келіп кірісейін деп тұр. Бөтендер кіріскенде халіміз қандай болар? Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып азып-тозып жоғалмақшы..» -[1: 31] деп сол кездегі қауіп, бүгінгімен

ұштасып жатқанын байқауымызға болады. Сонымен қатар: «Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп, тұрғын жұрттың түріне түсіп, бөтендігі жоғалмақшы.» [1: 32] дейді. Ахмет қауштенгендей келімсек жұрт бізден мықты болып, өз шаңырағымызда отырып, келімсектердің тілінде сөйлей бастадық. Ресейдің сұрқия саясаты сүліктей сорғаны соншалықты, тәуелсіздік алсақта боймызға сіңген суықтан әлі шыға алмай отырмыз. Ендігі мақсат тұрғын жұрт болып келімсектен күшітірек болу, сырттан келгендерді ұлттық құндылығымызбен баурап, бірыңғай мемлекеттік рухты сіңіру арқылы бөтендігін жойып бір мақсат, бір мүддеге жұмылдыру. Одан қалды түрі, ұлты қазақ тілі орысша шыққан, әлі күнге дейін орыс тілін мәртебе көретін қазақтардың ұлтына деген патриоттық, ең төменгісі өз ұлтына деген мақтаныш сезімін ояту керек-ақ. Ахметтің мына сөзі де бүгінгі ағылшын, орыс тіліне еліктеген жастардың бейнесін ашып көрсеткендей. «Біздің ел ішіне де түрлі халық араласа бастады. Сол себепті кейінгі жастарымыздың тілі кәдімгідей бұзылып бара жатыр. Сол сияқты қазақ жастарының көбі орысша оқығандары өз тілін ұмытып, яки ұмытпаса да қазақ тіліменен сөз айтуға намыстанушыларымыз да жоқ емес.» [2:22] Жаһанданудың желпілдеген қызылды-жасылды желбауының жетегіне кеткен жастардың бүгінгі бейнесі кеңес дәуіріндегі жастардың бейнесімен сәйкесіп астасып кеткендей. Ахмет өз заманының жастарының өзгергенін көргенде: «Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба?» - деп налиды. [2: 22] Енді міне, жаһандану санамызға дендеп еніп, енді орыс тілі емес ағылшын тілінде сөйлеу мәртебе болған заман келді. Уақыт өткен сайын қарыштап дамыған цифрлық әлемде, жаһанданудың жан алқымнан алған кезеңінде «қазақ ұлты болып тұра аламыз ба?»... Тарих қойнауында жоғалған ұлттың бірі болып қалмаймыз ба? Ойланатын, қамданатын кез.

Ахметше айтсақ: «Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда хәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал. ...Ісіміз осы қалпында болса, тіліміздің азып жоғалуы да анық» [1: 22] Өз тілімен сөйлесіп, өз тілімен жазған жұрт қана ұлттығын еш уақытта адамы құрымай жоғалмайтындығын алға тарта отырып: «ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл.» - дейді. Ал сөзі жоғалған жұрттың өзі де құрдымға кетіп, жоғалатынын айтады. Сондықтан тіл – жаһанданудан қорғанар алпауыт қаруымыз. Өйткені ұлт ретінде алпауыттардың азуында шайналып кетпей аман қалуымыздың бірін бір қаруы тіліміз, ұлттық құндылығымызда екені анық. Тіліміздің тұғырына қонуы үшін Ахметше өлермендене еңбек етуіміз керек-ақ. Өйткені өз ұлтын сүюді, оған қызмет етудің сара жолын көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлы қылышынан қан тамған кеңес үкіметі тұсында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалудың жолын жанталаса іздеді. Әсіресе, біртіндеп қолдану аясын қолдан тарылта бастаған қазақ тілінің қамын ойлағанда жанын қоярға жер таппай, шыр-пыр боп араша түсті, «Айқап, «Қазақ» газеттеріне мақала жазып, қазақ тілінің құрдымға кетпей, өзіндік тұғырын сақтап қалу үшін жанталаса оқулықтар жазды. Мәселен: «Россияның мемлекетінде общее образование, яғни ғұмыры тегіс оқу басталайын деп тұр. Қазақ халқы тілге, әдебиетке кедей емес, бірақ басы қосылып құралмағандықтан білімсіз самарқау жатыр. Ғұмыры оқу басталғанша өз ана тілімізде балаларымыз үшін кітаптар жазып программаға кіргізуге даярлануға тиіс қой.» [3: 332] - деп бұл мәселемен өзінше күресті. Сөйтіп оның бірінші мақсаты – өз ана тілімізде балаларымызға арнап кітаптар, оқулықтар жазу болды.

Жиырмасыншы ғасырдың басында елімізде мектеп оқулықтары жоқтың қасы болатын. Алаш зиялыларының алдындағы ең үлкен міндет мектеп, жоғары оқу орындарына арналаған оқулық жазу болды. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында сан салалы зерттеу жұмыстарын жүргізумен бірге, түрлі оқулықтар жасаудың да қажеттілігі сезіліп, басты мәселе ретінде алға қойылған тұста – Ахмет Байтұрсынұлы

оқулықтар жазу мәселесіне өте жауапкершілікпен ұлт мүддесі тұрғысынан қарады. Тілші ғалым патша заманында қазақ жұртының қажетін өтеген кирилл таңбасындағы қазақ алфавитіне мойынсұнбай, төтеден жол іздеді. Қазақ елінің төл, ана тілін саф таза қалпында сақтау үшін қандай таңбаны «әліпби» етіп алу керектігіне ерекше мән берген. Сонымен қатар, ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізге алды. Әрі осы жолда тыңнан түрен сала отырып, бірнеше ғылым саласының негізін қалады. Сан жылға азық болар, қаншама ғалымдардың зерттеу нысанына айналған «Тіл-құрал», «Оқу құралы» секілді оқулықтарын жазады. Тілді дұрыс жұмсай білу тәртібіне байланысты «Тіл жұмсарды» ұсынады, оқытудың методикасын жасау мақсатында «Баяншыны» жазады.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл мәселесін тек грамматикалық немесе орфографиялық тұрғыдан ғана қарастырған жоқ. Ол тіл арқылы ұлттың санасын оятуды мақсат етті. «Маса», «Қырық мысал» секілді шығармалары арқылы халықты оятуға тырысты. Ол поэзия мен публицистиканы тілдік күрестің құралына айналдырып, халыққа ой салды. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газеті қазақ тілін баспа тіліне айналдырды. Соның нәтижесінде әдеби тілімізде көсемсөз жанрын дүниеге әкелді.

«Қазақ» газетін қазақтың жұртының алғашқы төл энциклопедиясы деп атасақ артық болмас. Ресейдің отарлау саясатының арқасында ұлттық езгіде жатқан қазақтың ұйқысынан оянып, Ыбырай армандаған «өнер, білім бар жұрттар» қатарлы елге айналуына, білім, ғылымымен оза шапқан мәдениетті халықтардың қатарына көтерілуіне, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуына күш салды. «Қазақ» газеті халықтың көзі, құлағы бола білді. Кейіннен кеңестік жүйе тарапынан қатаң сынға ұшырап, қанды қасаптың құрбаны болып кете барды. Сөйтіп «Қазақ» газетінің ғұмыры ұзақ болмады, басқаша айтқанда жөргегінде жатып тұншықты. Бірақ ұлттың ұлы миссиясын ұйымдастырған, ұлттың руханияты мен мәдениетіне, әдебиетіне елеулі түр енгізген басылым болып тарихымызда алтын әріппен жазылып қалды. Қанат Ысқақовтың пікіріне сүйенсек, «Қазақ» газеті бүгінде кейбір республикалық газеттер еңсере алмай отырған алты мың дана тиражбен тараған, ел ықыласына ие басылым болған. Әрі көтерген бүгінгі сан мың басылымның атқарып отырған жүгінен ауыр, әрі орасан болғаны тарихтан мәлім. Қазақ тарихындағы рухани төңкерісті куәгері, тіл үшін күрестің жүзі мұқалмаған қанжары бола білді. Бірақ «Қазақ» газеті әлі толық зерттелген жоқ.

«Қазақ» газетімен қатар Ахмет Байтұрсынұлың еңбектері сан рет сүзгіден өтіп, талай-талай талқыға түсті. Ғылымы мен білімі оза шапқан дамыған елдердің ғалымдары Ахметтің еңбегін саралап, оның еңбегінің ерен екеніне бас иіді. Ахмет Байтұрсынұлының даралығын таныды, Ахметтің қолынан өткен әр еңбегі, пікірі, ой-тұжырымы кеңестің керітартпа, сұм саясатының астына көмілсе де бүгінде маңыздылығын, өміршеңдігін жоймауда. Оның қазақ халқын сауаттандырудағы еңбегі жанкештіліктің айғағы, әрі өз ұлтын шексіз сүйген ұлдың ұлағаты екендігіне дәлел. Бұған тарихта қалған мұрағат деректері – куә. Ахметтің бойынан табылған ұлтжандылық, табандылық пен қайсарлық, қарақан басының қамы үшін ел мүддесін ысырып тастамайтын Әлихан айтқан ірі мінез, ел басқарып отырған шенеуіктер мен білім мен ғылым саласындағы жүрген қоғамды өзгеруіне ықпал ететін тұлғаларда болса қазақ жұртты білім-білігі асқан алпауыттармен қатар тұрар ма еді?! Ахметтей жұрт қамы үшін бар күш жігерімізді салып, еңбек етуге не кедергі?! Ойландыратын, ойланатын дүние.

Ахмет мемлекеттің болашағы мектептен бастау алатынын жақсы түсінді. Мағжан Жұмабаев айтқандай қазақтың тағдыры, болашағының қандай болатыны мектептің қандай болғанына байланысты екенін Ахмет Байтұрсынұлы білді. Сондықтан қазақ халқының сауатын ашу үшін тыным таппай дабыл қағып, күрескерліктің сара, тың даңғылын салды. Елінің ертеңін ойлаған ұлт көсемі: «Қазақтың балалары қалай оқып жүр? Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды. Шаһарда

оқыса, я сарт, я ноғай медреселерінде оқиды. Рус школында оқытыны русша кітап, үйренетіні русша жазу, қазақша көбі оқи да, жаза 3 да білмейді. Қысқаша, русша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады. Бұлардың өз тілінен қорынып жиренетін себебі не?» - деп қазақ тілінде сөйлеуді ар көріп, орысша сөйлеуді мәртебеге санаған лектің келе жатқанынан қауіптенеді. Оның алдын алу жолдарын іздейді. Оған жауап тапқандай да болады. «Сегіз, тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, оқитын кітабы басқа тілде болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер?» [1: 22] - деп бала сегіз, тоғыз жасқа дейін өз ана тілінде білім алу керектігін баса айтады. Егер осылай жалғасын тапса, қазақ тілінің жойылатындығын тілге тиек етеді. Бұл уәжпен келсіпеске болмайды. Өйткені айналасын танып-біліп қалған, өз пікірі қалыптасқан жаста қазақ тілін үйретудің нәтижесі алты жастан бастап үйреткен баламен салыстыруға мүлдем келмейді. Адам неғұрлым санасы айқындалған сайын өзіне не қажетті екенін жақсы түсінеді. Оған зорлықпен, мәжбүрлікпен тілді үйрете алмайсың. Айнала, қоршаған ортаның ықпалына қарай қажеттілік туындаған кезде, ешкімнен сұрамай-ақ өзіне керегін тауып алады. Егер біз үштілді саясатты, аралас мектептерді ашуды ары қарай жалғастырсақ Ахмет айтқандай ұлттығымызды жойып тынамыз. Ахметше айтсақ: «Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, сонан соң қазақша сөйлеу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі.» Жиырмасыншы ғасырдың басында айтқан ойтұжырымы қазіргі қоғамның бейнесін көрсеткендей. Осыдан-ақ Ахмет Байтұрсынұлының алысты болжай білетін көрегендігін мойындамасқа болмайды. Орыстың бодандық бұғауы рухымыз пен өрлігімізді сындырып, жібектей қылып қойғаны соншалық тәуелсіздік алғанымызға 34 жыл болса да, әлі күнге дейін қазақша сөйлеуді ұят, орысша сөйлеуді мәртебе көретін өз жатырыңнан шыққан қандасыңның бұндай ісіне ыза, өкінішсіз қалыпты дүниедей қабылдайтын кезеңде әлі жүрміз. Шынымен де мұнан былай осы бетімізбен жүре берсек, қазақ тілі азып-тозып, жан-жақтан кірген жат тілдермен толығып, тоз-тоз болуы әбден мүмкін. Оқыған, білім мен білікті қатар алып жүрген көзі ашық жастар ағылшын, кәріс, қытай тілдерін меңгеруге, солардың кейбір сөздерін күнделікті тұрмыста қолдануға әуес. Қазақша сөйлеу – қазақ қоғамының алдында, ең бергісі ұлтының алдындағы перзенттік парызы екенін түсінбейді.

Ахметтің кезінде де оқыған жастар қазақ тілінен жиренсе, бүгінде сол кейіпте десек артық болмас. Ахмет өз заманының жастарының қазақ тіліде сөйлеуді ар көріп, ал қарттарының тілді сақтау жолындағы еш әрекет жасамай отырғанын ашына жазады да былай дейді: «.. бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса жоғала берсін дейміз бе?». Бүгінде де осы мәселе алдымыздан шығып тұр. Қажет тіл деп ағылшынды оқытамыз, ауызекі сөйлесу тілі деп орыс тілін бала бойына сіңіруге тырысамыз. Қазақ тілі тағы да көлеңкеде қалып қойып отыр. Бұған қоса сленг сөздер деген пәле пайда болды. Жастар арасында сленг сөздер тренд десек те болады. Тағы да Ахмет Байтұрсынұлының мына сөзіне жүгінуге тура келеді. «Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу» [4:154] Басқа тілден енген сөздерді, терминдерді сол қалпында алмай қазақ тілінің заңдылығына икемдеп, қазақ жұртының құлақтарына үйір болатындай, мағынасы қазақ жанына жақын қылып алсақ халық ол сөзді өз үйіріне тез қосары анық. Дәл осындай пікірді алаш ғалымы Халел Досмұхамедұлы да білдіреді. Ғалым: «Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зор зиян әкеледі... зорлықпен кірігізген жат тілдер елдің түп қазығы болған тілді

бұзады» - деп тілдің шұбарлануы елдің түп қазығы болған байырғы тілді бұзып, орасан зор зиян тигізетіндігін айтады. Ғалым Ахмет Байтұрсынұлының пікірімен үндес екенін аңғартады.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ терминологиясына жаңа серпін, жаңа леп қосқанын білеміз. Шет тілден енген терминдерді сол қалпында қабылдамай қазақ тілінің заңдылықтарына сүйене отырып, қазақ тілінде құлағымызға етене жақын, әрі термин мағынасынан алшақ кетпейтін балама сөздер тауып терминдерді сонымен алмастырады. Сөйтіп қазақ тіл білімінің, әдебиет саласының оның ішінде ғылыми терминологияның іргетасын қалыптастыруда да қазақ тілінің жат тілдермен толықпауын, керісінше қазақтың байырғы сөздерімен алмастыруды, қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесіне ұтымды қолдана білді. Ағартушы қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтарды, байырғы лексикалық қорды, жалпы алғанда, сөз тудыру тәсілдерін өте ұтымды, шебер пайдаланды. Сөйтіп өміршең сан ғасырға мұра болар термин саласын қалыптастырды. Ахмет Байтұрсынұлының термин жасауда бірнеше қағидаларды басты назарда ұстады. Бірінші терминнің түсініктілігі, екінші терминнің ана тілі негізінде жасалуы, үшінші көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару, төртінші өте қажет болған жағыдайда ғана жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен). Осы ұстанымның негізінде тіл білімі, әдебиеттану ғылым саласында өткелең буын ұрпаққа сан жылдыр азық болар термин саласын қалыптастырды. Ал қазіргі уақытта терминология саласында көптеген олқылықтар кетіп жатыр.

Бүгінгі заман «білекке сенетін емес, білімге сенетін заман», әр минут, секунд сайын құбылып отырған құбылмалы заман болғандықтан, біздің сауытымыз тек ұлттық құндылық, тіл, діл, дәстүрмен әбзелденуі керек. Әйтпегенде жаһандандудың жемі боларымыз анық. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіне жазған мақаласында: «Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ», яғни қазақтығымызды сақтау Қазақтық әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады.» [3: 333] - деп «қазақ» ұғымы, қазақ ұлты тілі жоғалмаса ғана сақталатындығын айтады. Ендеше қазақтығымызды сақтағымыз келсе, тіл үшін күресті тоқтатпайық. Ахмет Байтұрсынұлы сияқты, өз өмірлерін ұлтының болашы үшін қиған алаштықтардай жанкештілікке барайық. Алдымызға жүйелі мақсат, айқын бағдарлама қойып, туған халқымызға адал қызмет жасайық. Олардың еңбегі бүгінде аңыз болып, еліміз үшін сан ғасыр қаужайтын азық болуда. Ертеңгі буын ұрпақ бүгінгі істелер жұмысқа баға берері хақ. Артымыздан ештеңе қалдырмасақ, ең болмаса тілімізді тұғырына қондыра алмай осы күйі кетсек ұрпақ, тарих алдында үлкен сын болары анық.

Уалиолла Халилидің «Айқап» журналына жазған мақаласында: «Дүниедегі хәмме халықтың рухы (жаны) өзінің ана тілі, сол себепті әр миллет (халық) алдыменен ана тілін жоғалтпаудың себептеріне мықтап жабысқан, бірақ тіл, дін, әдебиет сияқты нәрселер ... талапты, жау жүрек, халық үшін білімін, қаламын аямайтын ер көңілді жігіттердің қызметіменен сақталады. Бізге бұл күнде басшы болған, халыққа үлгі көргізген жігіттеріміз жоқ емес қой. Мұндай адамдар әр жұрттың ішінен шығып, өзінің дінін, тілін сақтап өз жұртының абыройын көтеріп келе жатыр. Мынау «Маса» мен «Қырық мысалды» жазушы Ахмет Байтұрсынов секілді ерлерді халық қызметшісі деуге болады.» [1:22] – деп жазады. Расымен де Ахмет Байтұрсынұлы сияқты алаш өкілдерінің ерен ерліктерінің арқасында қазақ тілі сақталды, бізге жетті. Енді қазақ тілінің өркендеуі, өсуі бүгінгі буын ұрпақ бізге аманат. Қазақ тілінің елімізде тұрып жатқан барлық ұлттың басын біріктіруші мемлекет тілі, қарым-қатынас тілі болуына мына қадамдарды жасасақ, бұл да аз болса да тілдің дамуына қосқан үлесіміз болар еді. Біріншіден, қазақ тілінің дамуы, өсуі үшін ең бірінші тілге деген қажеттілікті тудыруымыз қажет. Екіншіден, бастауыш сынып, бала-бақшадан бастап тек қазақ тілінде білім беруді қолға алсақ, біраз мәселе шешілері анық. Үшіншіден, елдің ертеңі болар буын ұрпаққа қазақ ұлтына тиесілі дүниенің бәрі оған тиесілі екенін ұғындыру қажет. Яғни «мендік» ұғымды саналарына сіңіруіміз керек. Төртіншіден, «Көп ұлтты

мемлекетпіз» деген ұғымды «мемлекетшілдікке» қарай бағыттасақ ұтылғанымыздан ұтарымыз көп болары анық. Басқа ұлтты өзімізден алшақтатпау үшін қазақ ұлты үшін емес, өзінің тұрып жатқан, елі, ауыл, ауданы қала берді «Қазақстан азаматы» деген атау беріп отырған мемлекетің үшін деп мемлекетшілдікке баулып, өзімізге сіңіру жұмысын жүргізек.

Ең бастысы Ахметтің салған сара жолын, бүгінгінің даңғыл жолына айналдыра отырып, тілімізді рухымызды оятар қаруға айналдыру үшін «... біз қазақ болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» [3,333]. Жан-жағымызға жалтақтап, жалпақшешей болып жүргенімізде жаһандануға жұтылып кетуіміз әбден мүмкін. Сондықтан ана тіліміз алдындағы перзенттік парызымызды қазақ тілінде сөйлеп, қазақ тіліне деген қажеттілікті кішкентай нәрседен болса да бастайық дегім келеді. Тіл үшін күрес – ертеңің үшін күрес екенін естен шығармайық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайрат Сақ «Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі», 2 том, Алматы, 2014 жыл, 20-22 бет
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – 3-том. - Алматы: Ел-шежіре, 2013.
3. Шүкірұлы С., Тілешов Е. «Алаштың» тілдік мұрасы//мақалалар жинағы– Алматы, 2006 жыл, 331-333 бет
4. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 154 бет.